



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

«История», 2009

9. История городов Казахстана - Алма-Ата, 1984.
10. Кашляк В.Н. Семипалатинск: от бургомистра до акима. - Семей 2007. – 400с
11. Первый водопровод в Казахстане //Наше дело - 2003 - 3-4 кв. -с.3
12. Кашляк В.Н. Семипалатинск. Три века истории- Новосибирск -2002 – 371с.

ӘОЖ 94(574) (092) «17»

АБЫЛАЙ ХАН – XVIII ҒАСЫРДЫҢ ГЕОСАЯСАТКЕРІ

Әбішева Айдана Әмірханқызы

abisheva_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші – Оразбаева А.И.

«Абылай хан - XVIII ғасырдағы хандардың ішіндегі ең күдіреттісі».

В. В. Бартольд

Қазіргі заманда геосаясат пәні саяси мәселелерді зерттеудің салыстырмалы түрдегі өз алдына жеке ғылыми бағыттарының бірі болып таныла бастады. Геосаясаттың, геосаяси білімнің маңыздылығы айтарлықтай артты, ғылыми орта, қоғамдық ойда Қазақстанның геосаясаты туралы, геосаяси факторлары, геосаяси жағдайы жиі талдануда. Сонымен, геосаясат дегеніміз – бұл саяси үрдістердің мемлекеттер орналасқан аумақтық – кеңістікке, олардың климатына, табиғи ресурстарына және т.б. тәуелділігін мойындаудан басталатын саяси тұжырымдамасы, білімдер жүйесі[1].

Геосаясатты ұтымды жүргізу, ол мемлекеттің белігілі бір дәрежеде дамуына, елдігін, егемендігін сақтауға әсер етеді. Айталық қазіргі уақытта Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елімізде геосаясатты ұтымды жүргізіп отырса, ал XVIII ғасырда қазақ мемлекеттілігі, тәуелсіздігі, азаттылығы қатал сынға түскен кезеңде Абылай хан елдің тәуелсіздігін сақтап қалуға көп еңбек сіңірді, сол заманда көрші мемлекеттермен геосаясатты ұтқырлықпен жүргізді. Сол себепті, аталмыш ғылыми бағыт саласы тұрғысынан Абылай хан саясатын зерделеудің ұтымды тұстары жетерлік.

Сонымен, Уәлиұлы Абылай хан (1711-1781) – қазақ халқының әйгілі ханы өмір сүрген уақытта батысында отаршылдық дәмін татып, тәсілін меңгеріп үлгерген Ресей империясы кеуделеп келе жатса, шығысында өзін аспан әміршісіне балайтын Қытай империясы айдаһардай ысқырып тұрған кез. Міне, дәл осындай қиын-қыстау, ел басына күн тұған кезінде Абылай хан саяси аренаға көтерілді, қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалуда баға жетпес тер төкті. Шоқан Уәлихановтың бағалауы бойынша «Дүрбелеңге толы дүрбілі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығы, ақылдығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды»[2]. Әсіресе, көшпелі өмір салты ұқсас, мекен-тұрағы жапсарлас Жоңғар хандығы деп аталатын ойраттардың саяси бірлестігі (1635-1758) аш бүйірден шаншудай қадалады. Осындай кезде Абылай хан өзінің ұтқырлы саясатымен, ержүректілігімен танылды. 15 жасында жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске қатысқан. Оның ұйымдастырушылық және дипломатиялық таланты 1742–1743 жылдарындағы Жоңғариямен соғыс кезінде тұтқынға түсуі кезінде көрінді. Ол тұтқыннан шығып, жоңғарлармен тиімді бейбітшілік жасады. 40-жылдардан бастап Абылай жоңғар басшыларының өзара тартыстарына белсенді араласа бастап, Шығыс Қазақстанның көп бөлігін бақылай бастады.

Қазақ мемлекеттілігінің сыртқы саясатында Абылай хан қазақ халқының бейбіт өмірін қамтамасыз етуді ең басты міндетіне жатқызып, Батыс және Шығыс шекараларын қауіпсіздендірудің барлық айла-әрекеттерін жасап, көрші мемлекеттермен ұтымды геосаясат жүргізді

Абылай хан жоңғар шапқыншылығы кезінде елдің тыныштығын, жердің бірлігін

камтамасыз етуді мақсат етіп, Ресейге арқа сүйеді. Осы мақсатпен 1740 жылы Орынборға Орта жүздің ханы Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан жанына толып жатқан ел ағаларын, нөкер-қызметшілерін ертіп келіп, қазақ-орыс қатынастары жөнінде келісөз жүргізді. [3] Ресей империясының билігін мойындаған секілді болғанымен, шын мәнінде оған бағынбады.

Байыпты саясаты арқылы жоңғарлардың қазақ жерін жаулап алған жерлерін қайтара алды. 1745 жылы Қалдан Серен қазасынан кейін, Әмірсана мен Лабашы билікке таласып, Жоңғарияның құлауына себепкер болды. 1745 жылы билікке таласушы Әмірсана Орта жүзге қашып, Абылайды паналады. Ақылы мол айлакер Абылай сұлтан Жоңғарияның ішкі жанжалдарын өз мақсат-мүддесіне пайдаланып қалуға ұмтылды, олардың өзара алауыздығын қыздырмалап қолдап отырды, ежелгі дұшпанның берекесі қашып, іріп-шіруі қазақтарға әбден тиімді екенін естен шығарған жоқ. 1753 жылы Абылай сұлтан ірі қолды басқарып, Жоңғарияға шабуылдады. Жоңғар қақпасы маңында Абылай бастаған қол жоңғарларды талқандады.

Жоңғария мемлекеті тарих сахнасынан жоғалып, яғни Қытай империясы Жоңғарияны басып алған соң, қазақ жеріне аузын айдаһардай ашқан Қытай империясы қауіп төндірді. Үш жүздің жасақтары жиналды. Соған қарамастан, зеңбірекпен қаруланған Қытай империясына қарсы тұру қиын екенін білген Абылай бұл мәселені дипломатиялық жолмен шешу керектігін түсінді.

Сол 1756 жылдан бастап, бұрын Орта жүздің жайлауы болған жерлерді Қытай өзіне қосып алды да, Цянь Лунь Абылайға князь атағын беріп, құзырхат жіберді, яғни Қытайға бағыныштылығын мойындатты.

Абылайдың Қытаймен барыс-келісі жиілегенін көрген Ресей империясын алаңдатты. Ресей империясы Абылай сұлтанның қазақ халқының арасында беделінің жоғары екенін біліп, оның Ресей империясына дұрыс қабақпен қарауын қамтамасыз етуге тырысты.

1756 жылы және 1758 жылы Абылайға Қытай елшісі келді. Оның мақсаты – бүкіл Орта жүзді салтанатты түрде Қытай богдыханына бейімдеуге әрекет ету. Бірақ Абылай бұл талаптан бас тартты. Себебі, Абылай Ресейге берген анты үшін жауапкершілігін ойлағаннан емес, оның себебі, біріншіден, екі мемлекеттен де тәуелсіз болуды және екі мемлекетке де жақын болуды көздеді. Екіншіден, қазақтардың біраз бөлігі орыс шекарасының маңын қоныстанғандықтан Ресейден ашықтан-ашық қол үзіп кете алмады.

1760 жылы 16 сәуірде Орынбор губерниясының кеңсесінен құпия экспедиция арқылы Орынбор гарнизонының жаяу әскер полкының поручигі, князь Иван Ораков, тілмаш Яков Гуляев Абылайды іздеп, бес күн жүріп старшын Байжігіттің ауылына келеді. Абылай осы жерден 3-4 шақырым жерде қоныстанған екен. Ораков пен Гуляев әдептілік, сыпайылық көрсетіп, Абылай сұлтанды тағы да Орынборға, тіпті болмаса Троицкіге келуді қиылып сұрайды. Оған Абылай: «Қашқария қырғыздары Айходжа және Күнходжа Жаркент қалаларына шабуыл дайындап жатыр. Бұл жердегі халықтар Ташкент, Түркістан, Бұқараға көпестер және таможнялықтармен еріп көшіп жатыр. Ол жерге көмек көрсетуіміз қажет. Сол себепті Орынборға баруға уақытым жоқ», - деп жауап беріпті.

Абылай осылайша үш бірдей: [Ресей](#), [Жоңғар](#), [Қытай сияқты](#) алып мемлекеттердің ортасында дипломатиялық шеберлікпен Қазақ елінің бостандығын сақтай білді.

Қазақ халқының аса көрнекті ақыны [Мағжан Жұмабаев](#) «Батыр Баянда» Абылайдың саясаткерлігін былай суреттейді:

«Алыстан орыс, қытай - ауыр салмақ.

Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.

Артында ор, алдында көр, жан-жағы жау

Сол кезде елге қорған болған Абылай,

Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап».

Қорытындылай келгенде, XVIII ғасырда Абылай қазақ елінің ерікті, іргелі біртұтас ел болуын, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуін қалады. Ол елді отырықшылыққа көшіруді, Үш жүздің басын қосуды, туған Отанын жаудан қорғауды мақсат етті. Осы жолда жан аямай еңбек етті. Абылай хан – XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Ол

туралы орыс ғалымы А. Левшин былай дейді: «Абылай тәжірибесі, ақыл – айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді»[4].

Қолданылған әдебиет:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007
2. Шоқан Уәлиханов. Абылай. – кітапта: Абылай, Алматы, 1993, – 6-7 беттер
3. Зарқын Тайшыбай «Қазақтың ханы – Абылай» Екінші том, Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. – 426-427 беттер
4. Нәсенов Б. «Мәскеу архивтері сөйлейді» - Алматы – Новосибирск , 2011 – 729 бет

ӘОЖ 94

АҚМОЛА Өңіріне шаруаларды қоныстандыру саясаты ТАРИХЫНАН

(XIX ғас.екінші жартысы – XX ғасырдың басы)

Бекенов Т.Т.

Temur_bekenov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ті, тарих мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор.

Қазақ жерін XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Патша өкіметі толық жаулап алғаннан кейін, өз саястын шексіз жүргізуді мақсат тұтты. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін – ол өзінің отарлау саясатының ең сенімді әдістерінің бірі – орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру саясатын жүргізуге ерекше мән берді. Соның ішінде, біз II Александрдың бұйрығы негізінде 1868 жылы 21 қазанында құрылған Ақмола облысында жүргізілген қоныстандыру саясатын қарастырғалы отырмыз.

Сонымен қатар Патша өкіметінің аграрлық саясатының да ажырамас бөлігі қоныстандыру саясаты болды. Помещиктер мен империалистік буржуазияның мүдделеріне сай келген қоныс аудару мәселесіне патша өкіметі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қатты назар аударды. Өйткені, Ресейде басыбайлықтың жойылуы және әлеуметтік-әкімшілік жөніндегі реформалар аграрлық мәселені толық шешкен жоқ, Ресейдің орталық аудандарында шаруалардың толқулары тоқтамады. Осындай жағдайда патша өкіметі шаруалардың назарын революциялық қозғалыстан аудару үшін бірқатар шаралар қолданды. Қоныс аудару саясаты сол шаралардың бірі еді. Сібірді Қазақстанның солтүстік-батыс, орталық және оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы патша өкіметі Орталық Ресейден шаруаларды қоныс аудартып, жаңа жерлерде солар арқылы өзіне әлеуметтік тірек жасамақ болды.

Қазақ даласына алғаш қоныс тепкендер ішкі Ресейдің казактары болатын. 1846-1850 жж. Қазақ жеріне 3852-дей орыс шаруалары мен казактары қоныс аударылды. Осы кезде Ақмола өңірінде шаруалар баса-көктеп қоныс аударып, шұрайлы жерлерді иемденіп алды. Бұл аймақта адам саны мен инфрақұрылым мөлшері жағынан ірі дәрежедегі Ақмола және Атбасар уездеріндегі екі казак станицалары қоныс тепті [1, 271].

Ақмола облысына 1860-1890 жж. аралығында 20350 адам қоныстанды. Олардың жартысынан астамы соңғы үш жылда (1888 – 1890 жж.) келді. Миграция санының кенеттен бұлай күрт өсуі көбіне миграция жөніндегі заңдардың оңтайландырылуынан болды. Ақмола облысында 1860 жылы қоныстанушылардың саны 150 адам болса, ал 1879 жылы 1800 адамға, 1890-1891 жылдары 11870 адамға, 1895 жылы 22104 адамға және 1900 жылы 15666